

«№3 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебі»КММ

Бұйрық

Мәртөк а.

№ 301

06.09.2024 жыл

«Көзқарас» пікірталас клубын құру
және клуб жетекшісін бекіту туралы

Ақтөбе облысының білім беру ұйымдарында құрылған «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық
қозғаласын жүзеге асыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

- 1.2024 -2025 оқу жылына мемлекеттік бағдарлама аясында іс – шаралардың рөлі мен дамуына бағытталған пікірталас клубы құрылсын. Көшбасшы пікірталас «Көзқарас» клубының жоспарын ұйымдастыру тарих пәні мұғалімі И.С.Убайдуллаевқа жүктелсін.
2. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Ж.М.Жакуповаға қалдырылсын.

Мектеп директоры:  М.Ш.Жамаладинов



Бұйрықпен таныстым:



И.С.Убайдуллаев



Бекітемін:
Мектеп директоры
М.Ш Жамаладинов

«Көзқарас» дебат клубының
2024 – 2025 оқу жылына арналған іс шаралар жоспары

Жетекші: И. С.Убайдуллаев

Дебат қозғалысының мақсаты:

қоғамда орын алатын мәселелерді жариялы талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру.

Дебаттың міндеттері:

- 1) білім алушылардың бойында құқықтық мәдениетті, азаматтық белсенділікті, жауапкершілікті, шығармашылық және сыни ойлау, даулы жағдайларды дипломатиялық жолмен шешу қабілеттерін қалыптастыру;
- 2) клуб мүшелерінің сын тұрғысынан ойлау, коммуникативтік дағдыларын дамыту, қоғамның әлеуметтік-саяси бағдарланған азаматтарын қалыптастыру;
- 3) білім алушыларды дебаттық қозғалысқа жаппай тарту, мәдени-демалыс және ағарту қызметінің инновациялық модельдері мен технологияларын пайдалана отырып, еліміздің әрбір өңірінде, білім беру ұйымдарында дебаттық орталықтар, клубтар құру;
- 4) дебаттық қозғалысты ресурстық қамтамасыз ету – кадрлық әлеует, материалдық-техникалық база, қаржыландыру;
- 5) мектептің, өңірдің, елдің ең өзекті мәселелеріне қоғамның назарын аударту;
- 6) дін, өнер, экономика, қоғам өмірі және т.б. тұрғысынан қазіргі әлемнің түрлі мәселелерін қарастыру арқылы шешендік өнердегі қабілеттерін іске асыру;
- 7) талқыланатын мәселелер бойынша іс жүзінде іске асырылуы мүмкін ықтимал ымыралы шешімдерді шығару, клуб мүшелерінің көзқарасын қорғауға, басқаларды сендіруге және олардың қателіктерін мойындау білігін дағдыландыру;
- 8) дебаттық турнирлерге, семинарларға, тренингтік бағдарламаларға қатысу үшін стикерлер дайындау;
- 9) дебат клубтарының ойындарын дамыту және жетілдіру, жаңа форматтарды әзірлеу, апробациядан өткізу;
- 10) басқа дебат клубтарымен белсенді және конструктивті өзара әрекеттесу;

№3 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебінің «Көзқарас» атты дебат клубының 2024-2025 оқу жылына арналған іс- шаралар жоспары

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
Ұйымдастыру іс- шаралары			
1	Дебат клубына мүше оқушылардың нақты санын анықтап, жетекші бекіту Кіріспе.Пікірсайыс технологиясы туралы түсінік	Қыркүйек	И.С.Убайдуллаев
2	«Отбасы тәрбие бесігі» атты оқушылары арасында дебат өткізу	Қыркүйек	И.С.Убайдуллаев
3	«Республика күні- ұлттық мақтаныш пен бірліктің символы»	Қазан	И.С.Убайдуллаев
4	«Құқықтық мәдениет- әділдік пен тәртіп кепілі»	Қараша	И.С.Убайдуллаев
5	«Желтоқсан: Тәуелсіздікке жол ашқан ерлік»	Желтоқсан	И.С.Убайдуллаев
5	« Жасөспірімдер арасында вейпингтің таралуы: Себептері мен салдары»	Қаңтар	И.С.Убайдуллаев
6	«Кітап арқылы білім: Балалар кітапханасының рөлі»	Ақпан	И.С.Убайдуллаев
7	«Ұлыстың ұлы күні: Ұлттық киім- рухани мұраның айнасы»	Наурыз	И.С.Убайдуллаев
8	«Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ: Әр азаматтың үлесі»	Сәуір	И.С.Убайдуллаев
9	«Тәрбие тал бесіктен басталады: Ұлттық құндылықтарды дәріптеу» Жылдың қорытындысын аяқтау мақсатында дебат клубының жылдық есебі	Мамыр	И.С.Убайдуллаев

Дебат жетекшісі:  И.С.Убайдуллаев